

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Қазақстанның бейнелеу өнері**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Қазақстан жеріне алғаш келген орыс суретшісі

- A) Н.Крутильников
- B) А.Черкасский
- C) С.Калмыков
- D) А.Риттих
- E) Н.Хлудов

2. Ерте Ортағасыр қаласы

- A) Верный
- B) Тараз
- C) Шымкент
- D) Есік
- E) Талғар

3. 1921 жылы Алматы қаласында алғашқы көркем-сурет студиясын ашқан суретші

- A) Қ.Қожықов
- B) Н.И.Крутильников
- C) А.Бортников
- D) Н.Г.Хлудов
- E) Ә.Исмаилов

4. VIII ғасырдағы түркі халықтарына ортақ ескерткіш

- A) " Айша-биді" кесенесі
- B) "Қорқыт ата мазары"
- C) "Күлтегін ескерткіші"
- D) "Қозы Көрпеш- Баян сұлу" ескерткіші
- E) "Қожа Ахмет Йассауи" кесенесі

5. Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеев бейнелемеген шығарма

- A) "Мектепке"
- B) "Сүт машинасы"
- C) "Сатып алған қалыңдық"
- D) "Амангелді сарбаздары"
- E) "Көшпенділер"

6. Ағаш өңдеу тәсілімен орындалған "Қарт" атты мүсінді сомдаған автор
- A) И.Иткинд
  - B) Н.Журавлев
  - C) Р.Ахметов
  - D) Б.Әбишев
  - E) Т.Досмағамбетов
7. Салихиддин Айтбаев шығармасы
- A) "Күй"
  - B) "Шолпан"
  - C) "Бақыт"
  - D) "Талас өңірі"
  - E) "Кездесу"
8. " Ұлы жүздің сұлтаны Мамырхан Рүстемовтың" портретін графикалық бейнелеген суретші
- A) Ш.Уалиханов
  - B) Б.Залесский
  - C) Т.Шевченко
  - D) Н.Г.Хлудов
  - E) Ә.Қастеев
9. Жартастардағы "Күн басты" бейнелер \_\_\_\_\_ өнері
- A) көне тас дәуірінің
  - B) темір дәуірінің
  - C) қола дәуірінің
  - D) орта ғасыр
  - E) тас ғасырының
10. Қай суретшінің шығармашылығы 1930-1960 жж. жатпайды
- A) Л.Леонтьев
  - B) О.Таңсықбаев
  - C) М.Лизогуб
  - D) Ә.Ысмайлов
  - E) Б.Табиев
11. Қазақстанда Дизайн Одағы құрылған жыл
- A) 1990 ж
  - B) 1950 ж
  - C) 1987 ж
  - D) 1980 ж
  - E) 1975 ж

12. Қазақстан суретшісі К.Муллашевтің шығармасы

- A) "Көктем самалы"
- B) "Түркіб"
- C) "Көшпенділер"
- D) "Атамның диірмені"
- E) "41-жылдың маусымы"

13. Қазақ қазынасына енген ең керемет " Мешіт есігінің алдында" атты туындының авторы

- A) Н.Хлудов
- B) В.Верещагин
- C) Г.Брылов
- D) В.Плотников
- E) И.Иткинд

14. Сақ өнері қай ғасырда өркендеген

- A) б.з.д. XI – IX ғғ.
- B) б.з.д. V – IV ғғ.
- C) б.з.д. II – I ғғ.
- D) б.з. V – VII ғғ.
- E) VIII – IX ғғ.

15. Жаңа буын суретшілерінің бірі Қ.Хайруллиннің шығармасына жатпайтын жұмыс

- A) "Жел ызыңы"
- B) "Төрт пайғамбар"
- C) "Дала Мадоннасы"
- D) "Ақтабан шұбырынды"
- E) "Көш"

16. «Жамал» туындысының авторы

- A) Ә.Қастеев
- B) Қ.Телжанов
- C) Ә.Исмаилов
- D) А.Ғалымбаева
- E) Г.Исмаилова

17. Бие саууға арналған теріден жасалған шелек

- A) бәлек
- B) торсық
- C) көнек
- D) аяқ қап
- E) саба

18. Сәуле және Әлібай Бапановтардың шығармашылығына жатпайтын туынды

- A) “Қасиетті ағаш”
- B) “Кешкі музыка”
- C) “Әлемдік тау”
- D) “Вселенная”
- E) “Феникс”

19. “Менің Отанымның арулары” полотнасын жазған суретші

- A) Б.Табиев
- B) Ә.Жүсіпов
- C) А.Ақанаев
- D) К.Муллашев
- E) Е.Төлепбай

20. Қазақ балеті "Қалқаман-Мамыр" қойылымының сахнасын безендірген суретші

- A) Ы.Қарсақбаев
- B) Ә.Қастеев
- C) Г.Исмаилова
- D) А.Ғалымбаева
- E) О.Таңсықбаев

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. 1970 ж. Алматыда ... ашылды

- A) Республика сарайы
- B) Медеу мұз айдыны
- C) Балуан-шолақ спорт кешені
- D) Алматы орталық стадионы
- E) Абай атындағы ҚазҰПУ

22. Шота Уалиханов жетекшілік еткен «Тәуелсіздік монументі» орнатылған жыл

- A) 1996 ж.
- B) 2000 ж.
- C) 1986 ж.
- D) 1990 ж.
- E) 2005 ж.
- F) 2010 ж.

23. «Сатып алған қалыңдық», «Амангелді сарбаздары», «Түркісіб» атты кескіндемелік шығармалардың авторы

- A) Қ. Телжанов
- B) С. Мамбеев
- C) Ә. Қастеев
- D) Е. Төлепбай
- E) А. Дүзелханов
- F) О. Таңсықбаев

24. Айша Ғалымбаеваның туындылары

- A) «Дәмді шай»
- B) «Халық шебері Б. Басенова»
- C) «Біз заманымызбен бақыттымыз»
- D) «Шопан әні»
- E) «Жамал»
- F) «Терезе алдындағы қыз»

25. Қазақстанның талантты суретшісі Қанафия Телжанов шығармалары

- A) «Көкпар»
- B) «Жамал»
- C) «Атамекен»
- D) «Тұрардың портреті»
- E) «Біздің совхозда»
- F) «Дәмді шай»

26. б. з. д. I мыңжылдықтарда Орталық Азия, Қазақстан аумағын мекен еткен тайпалар

- A) Сақтар мен ғұндар
- B) Скифтер
- C) Массagetтер, аландар, үйсіндер
- D) Дорлықтар
- E) Этрустықтар
- F) Шумерліктер

27. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен эпостық жырларын негізге алған атақты график суретші

- A) Евгений Сидоркин
- B) Мақұм Қисамединов
- C) Исатай Исабеков
- D) Темірхан Ордабеков
- E) Балтабай Табылдиев
- F) Қадірбек Каметов

28. Қазақстанның талантты суретшісі Сабыр Мамбеев туындысы

- A) «Менің қаламда»
- B) «Киіз үй алдында»
- C) «Менің отанымның аналары»
- D) «Терезе алдындағы қыз»
- E) «Халық шебері»
- F) «Бақыт»

29. Кескіндемеші Салихитдин Айтбаев туындылары

- A) «Бақыт»
- B) «Жас қазақтар»
- C) «Қонақ келді»
- D) «Атамекен»
- E) «Амангелді сарбаздары»
- F) «Алпамыс»

30. Қазақ дүниетанымын зерттеген халық ауыз әдебиеті мен жырларын суреттеген график Евгений Сидоркиннің шығармалары

- A) «Қыз қуу»
- B) «Көкпар»
- C) «Қазақ халық ойыны»
- D) «Алпамыс»
- E) «Ләйлә»
- F) «С. Сейфуллинді оқығанда»

**Жазғаяттық тапсырмалар**  
**1-жазғаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Алтай аймағы Түркілердің алғашқы мекені болған. Қазақ даласында түркілерден қалған ескерткіштер «балбал тастар» көптеп кездеседі. Түркі қағанаты тұсында бізге танымал көптеген ескерткіштерді атауға болады. Түркі халықтары мен көшпелі қазақ халқының мүсін өнеріндегі бастауы әріде жатыр. Түрік қағанаты кезеңінде тас мүсіндерде қолбасшы көсемдермен бірге еңбек адамдары да бейнеленген. Тас мүсіндермен сомдалған батырлар мен қолбасшы көсемдер көбіне қылыш, қанжар тәрізді әскери қару жарақтар ұстап тұрған кейіпте пішінделді. Мұнымен қатар ол мүсіндер пішіндеріне қарай «қызтас», «кемпіртас», «қойтас» болып бірнеше түрге бөлінді. Бұл мүсіндерге қарап, ата-бабаларымыздың жауынгер әрі еңбекқор халық болғандығын байқауға болады.

Түрік қағанаты дәуірінен бастап, ескерткіштер жасаумен қатар кесенелер, күмбездер тәрізді дәстүрлі сәулеттік ғимараттар бой көтерді. Ол кесенелер түркі, оғыз, қыпшақ заманындағы сәулеттік ескерткіштер болып саналады.

31. Түркі дәуірінен сақталған ескерткіш «балбал тастар» қанша топқа бөлінеді?

- A) алтыға
- B) беске
- C) екіге
- D) жетіге
- E) бөлінбейді

32. Түркі кезеңіндегі «Балбал тастарды» жасаушыларды қалай атайды?

- A) «ұста»
- B) «зергер»
- C) «бәдізші»
- D) «шебер»
- E) «мүсінші»

33. Алпыстан астам ою-өрнек қолданылған, XII ғасырдағы Қарахан салдырған кесене

- A) «Айша бибі» кесенесі
- B) «Қожа Ахмет Йассауи» кесенесі
- C) «Бабаша Қатын» кесенесі
- D) «Әулие Ата» кесенесі
- E) «Домбауыл» кесенесі

34. Түркі халықтары мәдениетінің асыл қазынасы. Әлемдік өркениет мойындаған түркі халықтарының символдық белгісі, батырдың ерлік істері жайлы эпикалық шығарма

- A) «Күлтегін ескерткіші»
- B) «Алтын адам»
- C) «Кемпір тастар»
- D) «Домбаул кесенесі»
- E) «Қойтастар»

35. Түркілер қай ғасырларда өмір сүрген

- A) б. з. XI-XIX ғасырларда
- B) б. з. д. I-III ғасырларда
- C) б. з. д. V – XIII ғасырларда
- D) б. з. V – XIII ғасырларда
- E) XIX ғасырда



**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**



36. Картина қай жанрда орындалған?

- A) «портрет»
- B) «пейзаж»
- C) «тұрмыстық»
- D) «тарихи»
- E) «діни- мифологиялық»

37. Танымал картина қалай деп аталады?

- A) «Ертегі»
- B) «Ана»
- C) «Шопанның отбасы»
- D) «Менің отанымның аналары»
- E) «Қазақ мадоннасы»

38. Картина қандай стиль түріне жатады

- A) абстракционизм
- B) классицизм
- C) романтизм
- D) авангард
- E) реализм

39. Картина бейнелеу өнерінің қай түріне жатады

- A) кескіндеме
- B) графика
- C) гобелен
- D) мүсін
- E) дизайн

40. Картина авторы

- А) Л. Леонтьев
- В) О. Таңсықбаев
- С) М. Лизогуб
- Д) Ә. Қастеев
- Е) Қ. Телжанов

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***